

Бурабай аудандық мәслихаттың кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылуы туралы

Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2021 жылғы 19 шілдедегі № 7С-10/2 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 26 шілдеде № 23695 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабына сәйкес, Бурабай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Бурабай аудандық мәслихаттың кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) "Бурабай ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және әкету тарифтерін бекіту туралы" 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 5С-50/3 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5233 болып тіркелген);

2) "Сот шешімімен Бурабай ауданының коммуналдық меншігіне түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 6С-23/3 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6319 болып тіркелген).

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Бурабай аудандық
мәслихаттың хатшысы*

М.Нурпанова